

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Диев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 13 мамырдағы № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 7 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Әуликөл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 12 шілде № 01-22/401 ұсынысы негізінде Диев ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ :

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі Диев ауылындағы "Нажмитдинов Султанбек Салаватович" шаруа қожалығының аумағында бруцеллез бойынша шектеу шаралары алынып тасталсын.

2. 2022 жылғы 13 мамырдағы № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Диев ауылдық округі әкімінің шешімі күші жойылды деп танылсын.

3. "Диев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этанондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Диев ауылдық округінің әкімі*

*М. Досмурзин*